18.06.2019-ғы № 03-18/2213 шығыс хаты

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«ТК и З» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 03.06.2019 жылғы №79 (45436) хатыңызға төмендегіні хабарлайды.

«Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен №3119269-2 *«ОҚО Мақтарал ауданындағы КХ-117 «А/ж А-2 Ленинабад-Үтіртөбе-КХ-75 а/ж» автомобиль жолының 0-11,5 шқ күрделі жөндеу жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

1.Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* Қағиданың 150 тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер, ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалды.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында конкурстық комиссия **Қағиданың 150 тармағының** талаптарын сақтамай негізсіз әлеуетті өнім беруші **«ТК и З» ЖШС-нің** конкурстық өтінімін *«Несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания материальных ресурсов, а именно Отсутствуют: передвижная лаборатория»* деген себептермен конкурсқа қатысуға рұқсат бермегені анықталып, Ұйымдастырушы мекемеге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданған.

2.Бұдан басқа, камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші «Улмад» ЖШС-гі Қағиданың 178-1 тармағының талаптарын сақтамай жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алуға жарияланған бағадан он бес пайыздан астам төмен баға ұсынғандығы анықталып, Ұйымдастырушы мекемеге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою

18.06.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

туралы хабарлама жолданған. Осыған орай, «Улмад» ЖШС-нің жұмыс өтілдері бойынша берілген шартты жеңілдіктері конкурстың қорытындысына әсер етпейді.

3.Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшелігінде әлеуетті өнім берушілерге *«Потенциальный поставщик должен представить на средства измерения и контроля счета фактуры, накладные, платежные документы; Так же* ***<u>в случае если предоставленные подтверждающие документы вызовут сомнения</u>*** *<u>то поставщик должен предоставить оригиналы документов и оборудование</u> по первому требованию конкурсной комиссии»* делінген талаптар қойылған. Осыған орай, әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімімен бірге өлшем құралдарының растаушы құжаттарының түп нұсқасын егерде ұсынған құжаттар күмән тудырған жағдайда ұсынады.

Сол себепті, әлеуетті өнім беруші «Улмад» ЖШС-гі, «Арх.строй сервис-А» ЖШС-гі, «Сапаинжиниринг» ЖШС-гі, «КурылысТехНадзорСервис» ЖШС-гі, «GAO Kazakhstan» ЖШС-гі тараптарын өлшем құралдарының растаушы құжаттарының түп нұсқауын ұсынбауы Заң және Қағида талаптарына қайшы келмейді.

4.Қағиданың 137 тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қараған кезде, әлеуетті өнім берушілерді, конкурстық комиссияның алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді делінген.

24.04.2019 жылғы №2950236 алдын ала рұқсат беру туралы хаттамасына сәйкес конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Дан-Строй-Проект» ЖШС-нің конкурстық өтінімін *«Не предоставлен график работы 2. Предоставленные оборудования вызывает сомнение, поставщик должен предоставить оригиналы документов и оборудование 3. Нет специалистов с высшим техническим образованием или степень бакалавра по специальностью: Строительство мостов, тоннелей и метрополитеновСтроительство автомобильных дорог и аэродромов»* деген себептермен рұқсат бермеген.

Алайда, конкурстық комиссия Қағиданың 137 тармағының және 150 тармағының талаптарын сақтамай алдын ала рұқсат беру туралы хаттамасында көрсетілмеген негіздермен қорытынды туралы хаттамада негізсіз әлеуетті өнім беруші «Дан-Строй-Проект» ЖШС-нің конкурстық өтінімін *«Несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания материальных ресурсов, а именно Отсутствуют: передвижная лаборатория»* деген себептермен конкурсқа қатысуға рұқсат бермеген. Яғни, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Дан-Строй-Проект» ЖШС-не құжаттарын ретке келтіру құқығын бермеген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

18.06.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Департамент басшысының м.а. **Т.Тултебаев**

Орын.: Е.Сейдуллаев

Тел.: 8 7252 35-06-06

18.06.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)